

«АҚТӨБЕ СЕРВИС КОЛЛЕДЖЫ» МКҚК

«БЕКІТЕМІН»  
Колледж директоры  
Кужаков А.Б.  
«15 » 05 2024 ж.



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КОМПЛАЕНС-ҚЫЗМЕТ  
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Ақтобе 2024 жыл

## **1 тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ереже бұдан әрі – Ереже) «Ақтөбе сервис колледжі» МҚҚҚ (бұдан әрі қарай - Колледж) («Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 16-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленген.

2. Осы Ереже колледждегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын орындайтын қызметкердің мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын, функциялары мен өкілеттіктерін айқындауды.

3. Колледждың Басқарма Төрағасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ережені бекітеді.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ереже барлық қызметкерлердің назарына жеткізіледі.

5. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – колледж қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі заннамасын сактауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;

2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зертделеу;

3) мұдделер қактығысы-жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өздерінің лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін;

4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық-занда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5) сыбайлас жемқорлық тәуекелі-сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу-сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зертделеу, анықтау, шектеу, және жою жөніндегі қызметі;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті орган-Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыруды және іске асыруды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл саласындағы үйлестіруді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкілеттігін атқарушы органға, лауазымды адамдарға қарамастан жүзеге асырады, Басқарма төрағасына есеп береді және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы заңнамасының талаптарын сактауды камтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке әдіснамалық колдауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері көрсетеді.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функциясын колледждың басқа құрылымдық бөлімшелерінің функцияларымен үштастыруға жөл берілмейді.

9. Егер заңда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл саласындағы халықаралық стандарттарда осы Ережеде көзделмеген сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті ұйымдастыруға қойылатын талаптар мен тәсілдер белгіленген жағдайда, осы талаптар мен тәсілдерді колледждың Басқарма Төрағасы бекітеді.

## **2 тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің мақсаттары, міндеттері, принциптері, функциялары мен өкілеттіктері**

10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметтің негізгі максаты колледж қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы заңнамасын сактауын камтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

- 1) колледж қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу және алдын алу құралдарын енгізуін камтамасыз ету;
- 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;
- 3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді камтамасыз ету;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеуші талаптардың және үздік халықаралық практиканың сақталуын камтамасыз ету;
- 5) заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын камтамасыз ету.

12. Колледж сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын енгізу және жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындау үшін болінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;
- 2) басшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мүдделілігі;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметтің ақпараттық ашықтығы;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;

- 6) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру;
- 7) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың құзыреттерін тұракты арттыру.

13. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функциялары:

- 1) әзірлеуді қамтамасыз етеді:

- сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың ішкі саясаты қызметкерлерге арналған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Нұскаулық;
- мудделер қақтығысын анықтау мен реттеудің ішкі саясаты;
- сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заннамаға сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт;
- сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспары;
- қызметкерлердің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамайы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін құжат;
- корпоративтік этика және мінез-құлық мәселелерін реттейтін құжат;

- 2) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты акпаратты жинауды, ондеуді, корытуды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;

- 3) «Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазанды № 12 бұйрығымен бекітілген сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді үйлестіреді (мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 14441 нормативтік құқықтық актілер);

- 4) Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган мен колледждың бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша өткізілетін колледж қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауға қатысады;

- 5) квазимемлекеттік сектор субъектісінде анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерінің мониторингін және оларды митигациялау және жою бойынша қабылданатын шараларды жүзеге асырады;

- 6) колледже Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;

- 7) қызметкерлердің үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын үйымдастырады;

- 8) қызметкерлердің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын және корпоративтік әдеп пен мінез-құлық мәселелерін сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді;

- 9) ұжымда жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;

- 10) Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет құзыреті шенберінде мемлекеттік функцияларды орындауга уәкілеттік берілген адамдарға

төңестірілген адамдардың заңда белгіленген каржылық бақылау шараларын және сыйбайлас жемкорлықка қарсы шектеулерді сақтауын қамтамасыз етеді;

11) құрылымдық бөлімшелердің сыйбайлас жемкорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын орындауды мониторинг әзірлейді және жүргізеді;

12) мұдделер кактығысын, оның ішінде жұмысқа орналастыру, сатып алу және бизнес-процестер мәселелерін анықтау, мониторингілеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

13) сыйлыктар беру және алу мәселелерін реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

14) контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеруді жүзеге асырады;

15) сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және/немесе оларға қатысады;

16) сыйбайлас жемкорлыққа қарсы заңнамадағы, сыйбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг пен талдау жүргізеді;

17) құрылымдық бөлімшелер мен қызметкерлердің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігіне бағалау жүргізеді;

18) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша құрылымдық бөлімшелер мен қызметкерлердің акпаратын тындаиды;

19) басшыға анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, колледж қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдар енгізеді;

20) Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органмен және мемлекеттік органдармен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ак өзге де жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды.

14. Колледждың Басқарма Төрағасы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметкерін тағайындауды жүзеге асырады және оның өкілеттік мерзімін, сыйакы мөлшерін және енбекақы төлеу шарттарын айқындаиды.

15. Комплаенс-қызмет қызметкері сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке жүктелген міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді.

16. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметкерінің функционалдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ереженің негізінде әзірленетін лауазымдық нұскаулықтармен не қызметкердің қызметтік құқықтары мен міндеттерін айқындастырын күжаттармен айқындалады және бекітіледі.

17. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ведомстволар мен ведомствоның бағынысты ұйымдарға сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің атынан жіберілетін күжаттар мен сұрау салуларға Басқарма төрағасы қол қояды.

18. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметкері комплаенс саласындағы уәкілетті органдар мен кәсіптік ұйымдар өткізетін

окыту іс-шараларына катысу аркылы үнемі кәсіби біліктілігін арттыруы кажет.

19. Өз қызметі шенберінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет:

- 1) колледждың құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын материалдарды сұратады және алады;
- 2) өз құзыретіне жататын мәселелерді колледждың Басқарма Төрағасына шығаруға бастамашылық жасайды;
- 3) ықтимал сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заннамасын бұзушылықтар туралы келіп түсетін хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізеді;
- 4) колледж басшыларынан және басқа да қызметкерлерден қызметтік тергеп-тексеру шенберінде жазбаша түсініктемелер беруді талап етеді;
- 5) Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заннамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді;
- 6) Өз құзыреті шегінде ішкі құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысады;
- 7) колледж қызметкерлерінің колледже сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заннаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы хабарлауы не сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу үшін ақпараттандыру арналарын құрады;

20. Өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет:

- 1) колледж және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын сақтайды, егер онда дайындалып жатқан және (немесе) жасалған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса;
- 2) Сыйбайлас жемқорлықтың болжамды немесе нақты фактілері, корпоративтік Әдеп кодексін және колледждегі Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзге де ішкі құжаттарды бұзушылықтар бойынша жүгінген адамдардың құпиялылығын қамтамасыз етеді;
- 3) Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заннаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы басқарма төрағасын үакытын хабардар етеді;
- 4) Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның назарына белгілі болған дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы жеткізеді;
- 5) колледждың белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;
- 6) қызметтік және кәсіптік этиканы сақтайды.

21. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-Қызметтің қызметкери:

- 1) олар алдыңғы үш жыл ішінде қатысан процестерді тексеруге қатысуға;

- 2) тексерудің бейтараптығына нұқсан келтіретін немесе осындай нұқсан келтіретін ретінде қабылданатын қызметке қатысуға құқылы;
  - 3) күпия ақпаратты жеке мұддесі үшін пайдалануға;
  - 4) іскерлік әдеп нормаларын бұзуға;
- 5) нәтижесінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігіне, объективтілігіне және бейтараптылығына нұқсан келуі мүмкін не осындай нұқсан келтіретін ретінде қабылдануы мүмкін сыйлықтар қабылдауға және көрсетілетін қызметтерді пайдалануға құқылы;
- 6) мұдделер қақтығысина әкеп соғуы мүмкін тексерулерге, қызметтік тергеулерге және басқа да іс-шараларға қатысуға міндетті.

22. Колледж басшылығына:

- 1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін жүзеге асыру үшін тиімді орта құруға жәрдемдесуге, оның мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен міндеттерін орындауға, құқықтарын іске асыруға жәрдемдесуге;
- 2) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін әкімшілік (ұйымдық-техникалық) қамтамасыз етуі жүзеге асыруға, оның ішінде Ақпараттық жүйелер мен косымшаларды (қажетті дерекқорларға колжетімділікті) кося алғанда, оның қызметі үшін қажетті мүмкіндіктермен, активтермен және ресурстармен және өзге де тауарлармен, жұмыстармен, көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз етуге;
- 3) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметкеріне сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Қызметі, Әлеуметтік және коммуникациялық дагдылар мен күзыреттер мәселелері бойынша оқыту және сертификаттау мүмкіндіктерін беруге міндетті.

23. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің колледждың құрылымдық болімшелерімен өзара іс-кимылды жұмыстағы өзара сыпайылық пен дұрыстық негізінде құрылады.

24. Құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке:

- 1) осы үлгілік ереженің 14-тармағының 1) тармақшасында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсыну;
- 2) анықталған тәуекелдер мен бұзушылықтарды объективті талқылау;
- 3) туындастын мәселелер мен проблемаларды бірлесіп шешу.

### **3-тaraу. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің есеп беруі**

25. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет колледжде қабылданған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша ақпаратты тоқсан сайын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті органга жібереді.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті органның сұрау салуы бойынша колледжде қабылданған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша қосымша ақпарат жіберіледі.

26. Сыбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-қызмет Директордың алдында мерзімді есеп береді,

Директор тарапынан ықтимал сыбайлас жемқорлық күкірткыштар туындаған кезде сыбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-қызмет Заңың 24-бабының 1-тармағына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінеді.